

## Мүгедек балаларға қосымша көрсетілетін әлеуметтік көмек туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 04 мамырдағы N 53 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 09 маусымда N 2-6-72 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 137 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 17.05.2024 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабына сәйкес, Балқаш аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп, оқытқан отбасыларына көрсетілетін қосымша әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға әр тоқсанға 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде болуы толық қамтамасыз етілсін.

2. Әлеуметтік көмек туылған, асырап алынған және қамқорлыққа алынған 18-ге толмаған мүгедек балаларға (толық мемлекеттік қамсыздандырудағы мүгедек балалардан және ата-ана құқығынан айырылған ата-ананың мүгедек балаларынан басқа) ата-анасының біреуіне немесе олардың орнындағы адамға отбасының табысына қарамастан облыстық психологиялық-медициналық–педагогикалық комиссиясы берген анықтамада көрсетілгендей, мүгедек баланы үйде тәрбиелеу мен оқытудың қажеттілігі танылған сәтінен бастап, бір жылға тағайындалсын.

3. "Балқаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б. Сқабаев).

мүгедек балаларға әлеуметтік көмекті ата-анасының өтініші бойынша олардың біреуіне немесе олардың орнындағы адамға, әлеуметтік көмекті төлеу орталығында ашылған шотының нөмірін (екінші деңгейдегі банк филиалы және осы көрсетілген операцияларды жүзеге асыра алатын лицензиясы бар басқа ұйымдар) және келесі құжаттар ұсынылған жағдайда көрсетілуін қамтамасыз етсін:

өтініш берушінің жеке басының куәлігі, оның ішінде оралмандар үшін тұрып қайту рұқсаты немесе оралман куәлігі;  
мүгедек баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;  
дәрігерлік-әлеуметтік сараптау комиссиясының куәландырылған (белгіленген үлгідегі) анықтамасы;

отбасының құрамын растайтын тұрғылықты жерінің құжаты;  
аудандық білім бөлімі жанындағы ведомство аралық психологиялық медициналық-педагогикалық комиссияның мүгедек баланы үйде тәрбиелеуді немесе оқытудың қажеттілігі туралы қорытындысы;

4. "Балқаш аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (К.Халықов) мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп, оқытатын отбасыларына әлеуметтік көмекті қаржыландыруды аудан бюджетінде қарастырылғандай қаржы шегінде бөліну мәселесін шешсін.

5. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылдың 26 шілдедегі N 2-6-7 нөмірімен тіркелген, 2005 жылы 30 тамыздағы N 37-38 газетінде жарияланған, Балқаш аудандық әкімдігінің 2005 жылғы 11 шілдедегі "Үйде тәрбиеленіп, оқытын мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмектер туралы" N 112 қаулысының орындалуына байланысты күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айдарбеков Есенгелді Айдарбекұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш аудан әкімі

Е. Қошанбеков